

Екібастұз қаласы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 1260/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 қарашада № 5681 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 140-бабы 2-тармағына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Екібастұз қаласы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі белгіленсін.

2. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органдары ведомствоға қарасты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жергілікті бюджетке таза кірісінің бір бөлігін аударудың белгіленген нормативін толық және уақытылы аударуына тұрақты бақылау белгілесін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Ж.К. Шакатовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

К. Нукенов

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2017 жылғы "23" қазандағы
№ 1260/10 қаулысына
қосымша

Екібастұз қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

Таза кіріс 3 000 000 теңгеге дейін	таза кіріс сомасынан 5 пайыз
Таза кіріс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін	150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан с о м а д а н 1 0 п а й ы з
Таза кіріс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін	4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен а с қ а н с о м а д а н 1 5 п а й ы з
Таза кіріс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін	34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен а с қ а н с о м а д а н 2 5 п а й ы з

Таза кіріс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен
000 теңгеге дейін асқан сомадан 30 пайыз

Таза кіріс 1 000 000 001 теңге және одан 247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза
жоғары кірістен асқан сомадан 50 пайыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК